

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ерік процесі

Ерік дегеніміз - адамның мінез-құлық қабілетін меңгере алу қабілеті.

Еріктің мағынасы кең. Ерік қоғамдық еңбек процесінде пайда болып қалыптасады. Мұның бірінші жалпы мағынасы адамның психологиялық өмірінің саналы түрде бір мақсатқа бағытталуын білдіреді. Ал дәл мағынасында ерікті амалдар ішкі және сыртқы кедергілерді жеңуге байланысты көрініп отырады.



Еріктің мотивациялық бағытына В.Вундттың эмоциялық ерік теориясын жатқызуға болады. В.Вундт бойынша, қарапайым ерік процесі қатарына эмоциялық процестің бірі елігуді (құмартып зауықтануды) жатқызуға болады. Оның айтуынша, нақ эмоция мотивтің мәнін құрайды. Вундт қарапайым еріктік процесте екі жайды бөліп көрсетеді: аффект және одан шығатын әрекет.

Л.С.Выготский ерікті жоғары психикалық функция ретінде, тарихи дамудың өнімі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, кез-келген ерік процесі әуелден әлеуметтік, ұжымдық, интерпсихологиялық процесс.



И.М.Сеченов {Ерік қимыл-қозғалысқа ғана басшылық ететін өзіндік ерекшелігі жоқ агент емес, ақыл мен моральдық сезімнің белсенді жағы, соның біріншісі немесе екіншісі үшін ол көбіне қимыл-қозғалысты адамның өзін-өзі сақтау сезіміне қарсы келе отырып басқарады} - деп жазды.

С.Л.Рубинштейн айтқандай, “еріктік әрекет- бұл ... саналы, мақсатқа бағытталған әрекет, ол арқылы адам өзінің импульстерін (итермеші күш) саналы бақылауға бағындырып және қоршаған болмысты өзінің түпкі ой-ниетіне сәйкес өзгерте отыра алдында тұрған мақсатты жүзеге асырады”.

Ерік мәселесін арнайы зерттеген ресейлік психолог **В.А.Иванников** ерік өлшемінің төрт типін бөліп көрсетеді:

- 1) Еріктік әрекеттерден;
- 2) Мотив пен мақсатты таңдаудан;
- 3) Адамның ішкі күйі, әрекеті мен әр түрлі психикалық процестерін реттеуден;
- 4) Тұлғаның еріктік қасиеттерінен;



Еріктің амалдары:

1)Мақсат қою

2)Тілек

5)Тоқтамға
келу

3)Қалау

4)Мотивтер
күресі

1.Адамның еркі алдына мақсат қоюдан басталады. Мәселен, мектеп бітірушінің алдына қойған мақсаты-оқу орындарына түсу. Оқушының бұл Мақсатты алдына қоюына оның мәдени қажеті,білім алуға тырысуы себеп болады.

2.Тілек-келешекте істейтін ісіміздің ойға бекуі. Мәселен:домбыра тартып үйренсем М.Жұмабаев Тілектің алдын-артын тексеріп үйренген адам балалықта ебдейсіз, еркеліктен, қияқылықтан,есейгенде есірліктен аман болмақшы-деп жоғары бағалаған.

3.Қалау деп-мақсаттың айқындығы оған жеткізілетін бекімдігі. Дегенмен,тілек те,қалау да өздігінен адамның ерік-жігерін толық көрсете алмайды. Мысалы:мектеп бітіруші кейде мұғалім, кейде дәрігер болғысы келеді. Бұл арада оған осы екі мамандықтың біреуін қалау қажет. Міне осындай жағдайда тілек пен қалаудың арасында үйлеспеушілік пайда болады

4.Мұны психологияда мотивтер күресі деп атайды.

5.Мұндай түрлі мотивтердің ішінен ақылға қонымдысы нақты жағдайға тура келетін біреуі жеңеді, тек содан кейін адам белгілі бір **тоқтамға келеді.**

Адамның ерік жігер қасиеттері сан қилы. Бұларды іс-әрекеттің нақтылы жағдайларына орындау тәсіліне қарай бірнеше сапаларға бөлеміз:

Тоқтамға келгіштік деп- адамның небір қиын қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетті болуы.

Табандылық деп- адамның алған бетінен қайтпай, көздеген мақсатына қайткен күнде жетуде көрінетін ерік сапасы.

Мектеп оқушыларын табандылыққа тәрбиелеуде мұғалім мына шараларды жүзеге асырып отырады:

1) Баланы жас кезінен қолына алған ісін ылғи да аяқтатып, оның қолынан іс келетіндігін сенімін арттырып отыру қажет.

2) Оқушыны дербес әрекет жасауға, өз бетімен қиыншылықтармен күресе білуге үйретілсін. Қажетті жерінде тәрбиешінің өзі өнеге көрсетіп отырса тіптен жақсы.

3) Баланы коллективтегі ортақ мүдде үшін күресе білуге баулу, көпшілік алдындағы борышын, жауапкершілігін өтеуге жұмылдыру, оған берілген тапсырмалардың орындалу сапасын қадағалау-табандылыққа тәрбиелеудің басты жолдары.

3. Ұстамдылық деп - адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, басқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті.

4. Тәртіптілік деп - адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта коллективтің ырқына бағындыра алу қабілеті.

5. Ерлік деп - алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет. Ерлік көбінесе қоғамдық мәні бар істерде көрінеді.